**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы Орталығында жүргізілетін сараптамалар мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің біліктілік дәрежесін бекітетін сарапшылық мамандықтары түрлерінің Тізбесіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

***Күшін жойған***

Бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі 1999 жылғы 14 маусым N 44. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 1999 жылғы 2 тамызда тіркелді. Тіркеу N 861. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010 жылғы 20 шілдедегі № 209 Бұйрығымен

Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2010.07.20 № 209 Бұйрығымен.

Қазақстан Республикасының сот ісін жүргізу практикасында туындаған жоғары талаптарға сәйкес бұйырамын:

1. Ұсынылып отырған Әділет министрлігінің сот сараптамасы Орталығында жүргізілетін сараптамалар мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің біліктілік дәрежесін бекітетін сарапшылық мамандықтары түрлерінің Тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Әділет министрінің сот сараптамасы Орталығында жүргізілетін сараптамалар мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің біліктілік дәрежесін бекітетін сарапшылық мамандықтары түрлерінің Тізбесін бекіткен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің 1998 жылғы 16 наурыздағы N 181 бұйрығының күші жойылсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуына бақылау жасау Әділеттің Вице-Министрі Қ.А.Мәмиға жүктелсін.

*Министр*

Қосымша 1

Ескерту: Қосымшаға өзгертулер енгізілді - ҚР Әділет министрінің 2001 жылғы 22 маусымдағы N 80 бұйрығымен, 2006 жылғы 30 қаңтардағы N 30 бұйрығымен, 2006 жылғы 24 ақпандағы N 68 бұйрығымен.

**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің**
**сот сараптамасы Орталығында жүргізілетін сараптамалар мен**
**Қазақстан Республикасы Әділет министрлігі біліктілік**

**дәрежесін бекітетін сарапшылық мамандықтары түрлерінің Тізбесі**

| N | Сараптама түрлері | Сарапшылық мамандықтар | Мамандықтар шифрі |
|---|---|---|---|
| 1 | Құжаттардың сот сараптамасы | Қол жазуы мен қолтаңбаны сот-сараптамалық зерттеу | 1.1 |
| | | Құжаттарды сот-техникалық зерттеу | 1.2 |
| | | Соттық-автортану зерттеу | 1.3 |
| 2 | Соттық-портреттік сараптама | Сот-сараптама габитологиялық зерттеу | 2.1 |
| 3 | Соттық видеофоноскопиялық сараптама | Соттық сараптамалық видеофоноскопиялық зерттеу | 3.1 |
| 4 | Соттық-фототехникалық сараптама | Соттық-сараптама фототехни. калық зерттеу | 4.1 |
| 5 | Соттық трасологиялық сараптама | Соттық-трасологиялық зерттеу | 5.1 |
| 6 | Соттық баллистикалық сараптама | Сот-сараптамалық зерттеу | 6.1 |
| 7 | Материалдар мен бұйымдардың сот сараптамасы | Лакты бояу, төсенішпен полимер материалдарын сот-сараптамалық зерттеу | 7.1 |
| | | Мұнай өнімдерімен материал. дарын сот-сараптамалық зерттеу | 7.2 |
| | | Металдар мен қорытпаларды сот-сараптамалық зерттеу | 7.3 |
| | | Топырақты сот-сараптамалық зерттеу | 7.4 |
| | | Талшықтық материалдарды және олардан жасалған | 7.5 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | бұйымдарды сот-сараптамалық зерттеу | |
| | | Спирттік сұйықтарды сот-сараптамалық зерттеу | 7.6 |
| | | Химиялық арнайы заттарды сот-сараптамалық зерттеу | 7.7 |
| 8 | Жол-көлік оқиғалары және көлік құралдарының сот сараптамасы | Жол-көлік оқиғаларын сот-сараптамалық зерттеу | 8.1 |
| | | Көлік-трасологиялық сот-сараптамалық зерттеу | 8.2 |
| | | Көлік құралдарын сот-сараптамалық зерттеу | 8.3 |
| 9 | Экономикалық сот сараптамасы | Шаруашылық операцияларын сот-сараптамалық зерттеу | 9.1 |
| | | Бухгалтерлік сот-сараптамалық зерттеу | 9.2 |
| | | Қаржы-несиелік сот-сараптамалық зерттеу | 9.3 |
| | | Экономикалық-құқықтық сот-сараптамалық зерттеу | 9.4 |
| | | Қаржылық-бюджеттік сот-сараптамалық зерттеу | 9.5 |
| 10 | Тауартану сот сараптамасы | Азық-түлікке жатпайтын тауарларды тауартану сот-сараптамалық зерттеу | 10.1 |
| | | Азық-түлік тауарларын тауартану сот-сараптамалық зерттеу | 10.2 |
| | | Автотауартану сот-сарапта. малық зерттеу | 10.3 |
| | | Құрылыстық-тауартану сот-сараптамалық зерттеу | 10.4 |
| 11 | Құрылыс сот сараптамасы | Үйлер мен ғимараттарды құрылыс-экономикалық сот-сараптамалық зерттеу | 11.1 |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | | Үйлер мен ғимараттарды құрылыс-техникалық сот-сараптамалық зерттеу | 11.2 |
| 12 | Технологиялық сот сараптамасы | Технологиялық сот-сараптамалық зерттеу | 12.1 |
| | | Компьютерлік технологиялық құралдарды сот-сараптамалық зерттеу | 12.2 |
| 13 | Өрт-техникалық сот сараптамасы | Өрт жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу | 13.1 |
| | | Сот-сараптамалық электротехникалық зерттеу | 13.2<*> |
| 14 | Жарылыстехникалық сот сараптамасы | Жарылыс жағдайларын сот-сараптамалық зерттеу | 14.1 |
| 15 | Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорлардың сот сараптамасы | Есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорларды сот-сараптамалық зерттеу | 15.1 |
| 16 | Биологиялық сот сараптамасы | Биологиялық сот-сараптамалық зерттеу | 16.1 |
| | | Молекулалық-генетикалық сот-сараптамалық зерттеу | 16.2<*> |
| 17 <*> | РҚАО-ның ескертуі: Қолдануы тоқтатылды - бұйрықтан үзіндіні төменнен қараңыз. Адам психикасының және психофизиологиялық процестерінің сот сараптамасы | Психикалық-криминалистік сот-сараптамалық зерттеу | 17.4 |
| | | Инженерлік-физиологиялық сот-сараптамалық зерттеу | 17.5 |
| | | Соттық психологиялық-филологиялық зерттеу | 17.6<*> |

----------------------------------------------------------------------

Ескерту: Осы тізбенің Қазақстан Республикасының сот ісін жүргізу мүмкіндігі ескере отырып одан әрі кеңейтілуі мүмкін.

---

Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 2004 жылғы 26 наурыздағы N 75 бұйрығынан үзінді

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануына байланысты "Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабын басшылыққа ала отырып, Бұйырамын:

1. Қазақстан Республикасының заңдарына тиісті өзгерістер енгізілгенге дейін:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Сот сараптамасы орталығында Қазақстан Республикасы Әділет министрінің 1999 жылғы 14 маусымдағы N 44 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілердің Мемлекеттік тізілімінде N 861 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сот сараптамасы Орталығында жүргізілетін сараптамалар мен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің біліктілік дәрежесін бекітетін сарапшылық мамандықтары түрлерінің Тізбесінің "Адам психикасының және психофизиологиялық процестерінің сот сараптамасы" деген 17-тармағымен көзделген сот-сараптамалық психиатриялық зерттеу жүргізу 2004 жылғы 30 сәуірден бастап тоқтатыла тұрсын...

Министр

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК